# Әлеуметтік жобаларды іріктеу бойынша гранттық конкурсқа қатысу үшін өтінімді қалай беруге болады

## қадамдық нұсқаулық

2018 жыл

# Жобалық өтінімді беру бойынша **5 қадам**

1. 3-5 АДАМНАН ТҰРАТЫН ТОП ЖИНАП, ӘЛЕУМЕТТІК ИДЕЯНЫ ОЙЛАП ТАБУ

2. ТОПТЫҢ ӘР МҮШЕСІ WWW.ZHASPROJECT.KZ САЙТЫНДА ТІРКЕЛУІ ТИІС

3. ТОПТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ WWW.ZHASPROJECT.KZ САЙТЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ ЖОБАЛЫҚ ӨТІНІМДІ ТОЛТЫРУЫ ТИІС

4. ТОПТЫҢ ӘР ҚАТЫСУШЫСЫ WWW.ZHASPROJECT.KZ САЙТЫНДАҒЫ ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ ЖОБАЛЫҚ ӨТІНІМДІ РАСТАУЫ ТИІС

5. ТОПТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ ТОПТЫҢ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ РАСТАҒАННАН КЕЙІН ЖОБАЛЫҚ ӨТІНІМ БЕРУДІ АЯҚТАУЫ ТИІС

Топтың әр қатысушысы

# www.zhasproject.kz

сайтында тіркелуі тиіс




**Тіркелуді бастау үшін «Қатысушы болу» батырмасын басу қажет**

Тіркеуден өту үшін топтың әр қатысушысына

ӨЗІНІҢ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ

керек

## Қатысушыны тіркеу

**Құрметті қатысушылар, әлеуметтік жобаларды іріктеу бойынша гранттық конкурсқа онлайн өтінімді толтыру алдында гранттық бағдарламаның негізгі шарттарымен және қатысушы сауалнамасының нысанымен танысып, өтінім беру үшін қажетті құжаттардың сканерленген нұсқаларын дайындап алуды сұраймыз**

Тіркелудің алдында гранттық бағдарламаның шарттарымен және сауалнама мен жобалық өтінімнің нысандарымен танысыңыз

Сізге жеке кабинеттің құпиясөзі жіберілетін ұялы телефон нөмірін енгізіңіз

+7 (__) ___-__-__

Өріске жеке кабинеттің құпиясөзімен смс-хабарлама келетін ұялы телефонның нөмірін енгізіңіз

ӘРІ ҚАРАЙ

Ұялы телефонның бір нөмірі бойынша тек қана БІР РЕТ тіркелуге болады

Көрсетілген ұялы телефон нөміріне

**ЖЕКЕ КАБИНЕТТІҢ ҚҰПИЯСӨЗІМЕН**

смс-хабарлама келеді

## Форма входа

**«Уважаемые участники, перед заполнением онлайн заявки на грантовый конкурс по отбору социальных проектов просим ознакомиться с основными условиями грантовой программы и формой анкеты участника и подготовить сканированные версии документов, необходимые для подачи заявки»**

Введите пароль, который придет на указанный номер

ДАЛЕЕ

Өріске **смс-хабарламада** көрсетілген құпиясөзді енгізіңіз.

Жеке кабинеттің осы құпиясөзін сақтаңыз және оны ешкімге хабарламаңыз.

Сіздің жеке кабинетіңізге кіруге рұқсат тек қана Сізде болуы тиіс, себебі онда Сіздің жеке деректеріңіз бар.

## Сауалнама барлық көрсетілген тармақтар бойынша толтырылуы тиіс

## (* белгісі бар тармақтарды – міндетті түрде толтыру керек)

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам

Сізге сауалнаманы толтыру үшін **5-қадамнан** өту қажет

### 1-қадам. Өзі туралы мәлімет

** таңбасымен белгіленген өрістерді толтыру міндетті*

Тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН және туған күні **жеке куәліктегідей** толтырылады

Сіз сауалнаманы қай тілде толтыруды қалайсыз? *

Қазақша

Тегі (жеке куәлікте жазылғандай) *

Аты (жеке куәлікте жазылғандай) *

Әкесінің аты (жеке куәлікте жазылғандай) *

Жынысы *

Ер

ЖСН *

Туған күні *

Азаматтығы *

Ұлты *

Отбасылық жағдайы *

Бойдақ

Сіздің балаларыңыз бар ма? *

Иә

Сіздің мүгедектік дәрежеңіз бар ма? *

Иә

Мүгедектік дәрежеңізді көрсетіңіз (алдыңғы сұраққа оң жауап берген жағдайда) *

1-топ

ӘРІ ҚАРАЙ

Егер Сізде мүгедектік дәрежесі болса, онда Сізге растайтын медициналық анықтаманы қоса беру қажет (5-қадамда)

# Сізбен әрқашан байланыса алу үшін міндетті түрде әрекет ететін нөмірлер мен нақты мекенжайды көрсетіңіз

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам

## 2-қадам. Байланыстар

** таңбасымен белгіленген өрістерді толтыру міндетті*

Ұялы телефон * — +7 (__) ___-__-__
Үй телефоны — 87172123456
электрондық пошта

Байланыс тұлғасы *(сізбен байланыс жоғалған жағдайда біз байланыса алатын адамды көрсетіңіз: ТАӘ)* *
Ұялы телефон * — +7 (__) ___-__-__
Үй телефоны — 87172123456

Сіз қайда тұрасыз? * — Облыс орталығы (қала)
Облыс * — Облысты таңдаңыз
Қала/аудан * — Выберите элемент из списка
Елді мекен * — Выберите элемент из списка
Көше *
Үй *
Пәтер

Осы елді мекенде қаншалықты ұзақ тұрасыз? * — 6 айға дейін
Сіз Жоба туралы қайдан білдіңіз? * — әлеуметтік желілерден

Әлеуметтік желілерде Сіздің парақшаңыз бар ма? * — Иә
Әлеуметтік желілердегі парақшаңызға сілтемені көрсетіңіз *(алдыңғы сұраққа оң жауап берген жағдайда). Өз логиніңізді жазуға болады (мысалы, Инстаграм: @zhasproject, Вконтакте: zhasproject)*

АРТҚА ӘРІ ҚАРАЙ

Сізбен әрқашан байланыса алу және жобадағы жағдай туралы хабарлау үшін **әрекет ететін телефон нөмірлерін**, электрондық поштаны көрсетіңіз

**Байланысушы тұлға –** бұл, Сізбен байланыс үзілген жағдайда, Сізбен кез келген уақытта тез байланыса алатын және ақпарат жеткізе алатын адам

Сіздің тұратын **нақты мекенжайыңызды** көрсетіңіз. Егер Сіз қалада тұратын болсаңыз, онда міндетті түрде пәтердің нөмірін көрсетіңіз.

Әлеуметтік желілердегі Сіздің парағыңызға сілтеме немесе Сіздің логиніңізді көрсетуге болады. Мысалы: Инстаграм - @zhastar, Вконтакте – a.ivanov

# Өзіңіз туралы **расталған деректерді** көрсетіңіз

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам

## 3-қадам. Білім мен жұмыс

** таңбасымен белгіленген өрістерді толтыру міндетті*

Сіз бітірген оқу орнын көрсетіңіз *
Мектепті бітірмедім

Оқу орнын бітірген жыл? *
2000

Қазіргі уақытта оқисыз ба? *
Иә

Сіз оқып жатқан оқу орнын атаңыз *(алдыңғы сұраққа оң жауап берген жағдайда)* *
Мектепте оқимын

Сіз қазіргі уақытта оқып жатқан оқу орнының атауын көрсетіңіз *

Сіз тіркелу сәтінде оқитын **оқу орнының толық атауын** көрсетіңіз

Сіз 2017-2018 жылдары кәсіби даярлаудан немесе қайта даярлаудан (жаңа кәсіпті игеру бойынша оқыту курстары) өттіңіз бе (колледжді санамағанда)? *
Иә, қазір өтіп жатырмын

Қазіргі уақытта жұмыс істейсіз бе? *
Жұмыс істеймін

Егер жұмыс істесеңіз, қай салада? *
Үй шаруашылығымен айналысамын (үй-жайда)

Жұмыс орны. *Сіз қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрген ұйымның атауын, Сіздің атқаратың лауазымыңызды көрсетіңіз* *

Сіз жұмыс істейтін **ұйымның толық атауын** Және Сіздің лауазымыңызды көрсетіңіз

Сіз айына қанша табыс табасыз? *
15 000 теңгеге дейін

Сіз жастарды қолдаудың қандай мемлекеттік және өзге бағдарламаларға қатыстыңыз? *
«Дипломмен – ауылға!»

АРТҚА ӘРІ ҚАРАЙ

# Сіз сауалнамада көрсеткен деректеріңіз (3, 4, 5-қадамдар),

# **құпия және Жобаның басқа қатысушыларына қолжетімді болмайды**

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам

## 4-қадам. Отбасы және табыс

** таңбасымен белгіленген өрістерді толтыру міндетті*

Отағасы – көшбасшы және отбасында маңызды шешімдерді қабылдайтын Сіздің отбасыңыздың бір мүшесі

Сіз ата-анаңызбен немесе аға туысқандарыңызбен тұрасыз ба? *

Ата-анамнан жеке тұрамын (тұрамыз) ▾

Сіз отағасы болып табыласыз ба? *

Иә ▾

Сіз қайда тұрасыз? *

Жеке меншік үйде/ пәтерде ▾

Сізбен бірге тұратын Сіздің отбасы мүшелеріңіздің жалпы санын көрсетіңіз (Сізді қосқанда)? Отбасы мүшелері – бұл сізбен тұратын және сізбен ортақ бюджеті бар адамдар *

0 ▾

Сіздің отбасыңыздың барлық көздерден ай сайынғы жалпы табысы қандай? *(еңбек ақысын, әлеуметік жәрдемақыны, туыстар мен жақындардың материалдық көмегін, алименттерді, шәкіртақыларды, мүліктен түсетін табысты, өзге де ақшалай түсімдерді қоса алғанда)* *

15 000 теңгеге дейін ▾

Сіздің отбасыңыздың әр мүшесінің табысын қосып, сол соманы көрсетіңіз

Сіз сауалнамада көрсеткен деректеріңіз (3, 4, 5-қадамдар),

# **құпия және Жобаның басқа қатысушыларына қолжетімді болмайды**

Сіздің отбасыңыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын сипаттаңыз. Сіздің үйіңізде...? (әр тармақтан бір нұсқаны таңдаңыз) *

| | Иә | Жоқ |
|---|---|---|
| Дәретхана мен ванна/ меншік монша | ○ | ○ |
| Кабельді теледидение/ жерсеріктік антенна | ○ | ○ |
| Су үйде/ орталықтан сумен жабдықтау | ○ | ○ |
| Фотоаппарат цифрлы | ○ | ○ |
| Салқындатқыш | ○ | ○ |
| Дербес компьютер | ○ | ○ |
| Жеңіл автомобиль | ○ | ○ |
| Интернет | ○ | ○ |
| Смартфон | ○ | ○ |
| Музыка аппаратурасы | ○ | ○ |
| Кір жуатын машина | ○ | ○ |
| Жұмсақ жиһаз жиынтығы | ○ | ○ |
| Қысқа толқынды пеш | ○ | ○ |
| Шаңсорғыш | ○ | ○ |
| Ас үй жиһазының жиынтығы | ○ | ○ |

Әр тармақ бойынша жауаптардың тек қана бір нұсқасын таңдаңыз – ИӘ немесе ЖОҚ

Шынайы жауап беруді сұраймыз. Бұл ақпарат елдегі жастардың жағдайын жалпы талдау үшін керек.

Өтінеміз, Сіздің отбасыңыздың қазіргі кездегі материалдық жағдайын сипаттаңызшы? *

Материалдық қиыншылықтарымыз жоқ, пәтер/үй, автомобиль сияқты қымбат табыстарды, ақшаны қарызға алмай-ақ сатып ала аламыз. ▾

АРТҚА

ӘРІ ҚАРАЙ

Сіз сауалнамаға өзгерістер енгізу үшін әрқашан алдағы өткен қадамға қайтып келе аласыз. Ол үшін «Артқа» батырмасын басыңыз. Барлық көрсетілген ақпарат сақталады.

# Оқуға болатындай, жақсы сападағы

растаушы құжаттарды қоса беріңіз

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам

## 5-қадам. Растаушы құжаттар

*Өтінімге JPG, DOC немесе PDFK форматындағы құжаттар қоса берілуі тиіс. Файлдың өлшемі 3 мб артық емес.*

Жеке куәлік / төлқұжат *

ТАҢДАУ

Мекенжай анықтамасы / азаматтарды тіркеу кітабы *

ТАҢДАУ

Білімі туралы құжат (аттестат/диплом/куәлік) *

ТАҢДАУ

ата-анасының (қамқоршыларының) біреуінен гранттық бағдарламаға қатысуға нотариалды куәландырылған рұқсат (18 жастан кіші жас адамдар үшін)

ТАҢДАУ

2017 жылғы мамыр - 2018 жылғы мамыр (соңғы жыл үшін) кезеңіне зейнетақы қорынан аударымдар туралы үзінді көшірме *

ТАҢДАУ

өтінім берушілердің қалауы бойынша өзге құжаттар (мүгедектік туралы анықтама, жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама және т.б.)

ТАҢДАУ

АРТҚА ӘРІ ҚАРАЙ

Құжаттарды қосу үшін «Таңдау» батырмасын басыңыз.
Сіз бірнеше құжатты тіркей аласыз.

Егер Сіз 18 жастан кіші болсаңыз, ата-анасынан нотариуспен куәландырылған рұқсатты міндетті түрде тіркеңіз

Егер Сізде мүгедектік дәрежесі болса, онда міндетті түрде анықтаманы тіркеңіз.
Егер Сіз жұмыссыз ретінде тіркелген болсаңыз, онда анықтаманы тіркеңіз

# Жеке тіркелудің соңғы қадамы – барлық деректерді растау

1-қадам 2-қадам 3-қадам 4-қадам 5-қадам 6-қадам

## 6-қадам. Сауалнаманы растау

«Осы сауалнамамен әлеуметтік жобаларды іріктеу бойынша гранттық конкурсқа қатысуға өз келісімімді растаймын.

Мен, гранттық бағдарламаның Басшылықта көрсетілген барлық шарттарымен танысқанымды және келіскенімді растаймын.

Сауалнамада мен туралы ұсынылған мәліметтер нақты және өзекті.

Мен, сауалнамада көрсетілген жеке деректерді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға келісімімді растаймын.»

Қанат белгісін қоюды ұмытпаңыз ✔

☑ **Гранттық бағдарламаның шарттарымен келісемін және таныстым**

АРТҚА | ҚАТЫСУШЫ БОЛУ

Егер сауалнама дұрыс толтырылса, Сіз ұсынылған ақпараттың анықтығын растайсыз және Сіздің жеке деректеріңізді өңдеуге келісесіз. Сізге “Қатысушы болу” батырмасын басу қажет.

# www.zhasproject.kz сайтындағы жеке кабинет




Сауалнаманы толтырғаннан кейін, Сізде www.zhasproject.kz сайтында жеке кабинет пайда болады.

Жеке кабинетке кіру ұялы телефон нөмірі және көрсетілген нөмірге жіберілген құпиясөз бойынша жүзеге асырылады.

# Сауалнамада жеке деректерді өзгерту




Сіз жобалық өтінімді толтырғанға дейін , өз сауалнамаңыздағы жеке деректерді өзгерте аласыз.

Ол үшін Сізге жеке кабинеттегі «Қатысушының сауалнамасы» бөліміне кіріп, Сіз өзерткіңіз келетін деректерді түзету қажет.

Сауалнамаға өзгерістерді енгізгеннен кейін, **«Сақтау»** батырмасын басуды ұмытпаңыз.

# Гранттық конкурсқа қатысу үшін жеке кабинетте жобалық өтінімді толтыру қажет




*Сайтта жобалық өтінімді толтыру алдында, Сіз алдымен Word (ворд) форматындағы жобалық өтінімді толтыра аласыз. Өтінімнің нысаны «Жастар жобалары – Өтінімдердің нысандары» бөлімінде*

Жобаны гранттық конкурсқа ұсыну үшін сіздің топтың **БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ алдымен сайтта тіркеуден өтулері тиіс**.

Сіздің топ **БІР жеке кабинеттен ТЕК ҚАНА БІР жоба** ұсына алады. Топ қатысушылары өтінімді кімнің жеке кабинетінен толтыратынын өздері шешеді.

Жобалық өтінімді толтыруды бастау үшін «**Жобаны ұсыну**» батырмасын басу қажет.

# ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Сіз сауалнаманы қай тілде толтыруды қалайсыз? *

Қазақша ▾

---

Жобаның атауы *

Жобаның атауы қысқа және ықшамды болуы тиіс

Жобаның мақсаты
*Сіздің жоба не үшін керек? Жоба Сіздің елді мекеніңіздің қандай әлеуметтік мәселесін шешеді? (мысалы, жоба ауылдағы әйелдер жұмыссыздығының деңгейін төмендетеді; немесе жобаның мақсаты – аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үшін бос уақыттарын қызықты ұйымдастыру және т.б.)* *

жобаның бағыты *

білім беру кіші жобалары ▾

---

## Жобаны іске асыру аумағы

| Облыс * | Қала/аудан * | Елді мекен * |
| --- | --- | --- |
| Шығыс Қазақстан облысы ▾ | г.Риддер ▾ | |

Сіздің жобаны іске асыру қаласы/облысы автоматты түрде белгіленеді. Сізге тек қана елді мекенді (ауыл, кент) көрсету қажет.

Топ қатысушылары тұратын елді мекен көрсетілуі тиіс.

Жобаның мақсатты тобы *Сіздің жоба кім үшін пайдалы? (мысалы, студенттер, зейнеткерлер, оралмандар, жетімдер, әйелдер және т.б.)* *

*Жобаның мақсатты тобын көрсеткенде, Сіздің топ оны қалай тартанынын және қалай онымен жұмыс істейтінін алдын ала ойластырыңыз.*
*Жұмыс істеу үшін арнайы дағдылар мен білімді, сондай-ақ, мемлекеттік органдардан ресми рұқсатты қажет ететін халықтың топтары бар екенін естеріңізде сақтаңыз.*
*Мысалы, мектептің немесе балалар үйінің базасында іс-шара өткізу үшін қалалық білім бөлімінен рұқсат алу керек. Жобаға соғыс ардагерлерін тарту үшін Ардагерлер кеңесінен тізім алу қажет.*

Мақсатты топтың жоспарланған сандық қамтылуы *Сіздің жобадан неше адам пайда алады?* *

*6 ай ішінде Сіз нақты қамти алатын адамдардың санын көрсетіңіз.*
*Жоба бойынша Сіздің шығындарыңыз Сіздің жобаның қатысушылары санына сәйкесуі тиіс екенін ұмытпаңыз.*

Жоба бойынша қызметтің қысқаша сипаттамасы *Жобаны жүргізу үшін Сіз не істейсіз? Оны қалай істейсіз? Қандай іс-шаралар өткізесіз?* *

*Жобаның шеңберінде Сіз істейтін негізгі әрекеттерді сипаттаңыз – қандай іс-шаралар өткізесіз, оларды қалай өткізуді жоспарлап отырсыз, оларды қайда өткізесіз*

ӘРІ ҚАРАЙ

## ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жобаның әлеуметтік әсері *Сіздің жобаңыз жергілікті тұрғындар үшін қандай пайда әкеледі? (мысалы, көп балалы отбасылардан шыққан балаларда ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру немесе мүмкіндіктері шектеулі адамдардың хал-жағдайын жақсарту)* *

Жобаның күтілетін нәтижелері *Соңында Сіз не аласыз? Жобаны жүргізгеннен кейін Сіздің елді мекенде қандай өзгерістер болады?* *

Жоба бойынша серіктестер *Сіз жобаны кіммен жүргізесіз? Кімнің көмегін сұрайсыз? Кімді тартасыз? Сіз қандай ұйымдар мен мекемелерді серіктес ретінде тартуды жоспарлап отырсыз? (мысалы, сіз жастар ресурстық орталықтарын, оқу орындарын, мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды тартасыз. Серіктестердің атауын көрсетіңіз)* *

Жобаның жалпы құны (теңгеде) *Сізге жобаны жүргізу үшін қанша ақша керек?* *

Вводить необходимо только число без пробелов

Жобаның тұрақтылығы *Сіз қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаны жалғастыра аласыз ба? Сіз жобаны қалай жалғастыруды жоспарлап отырсыз?* *

Қоғамды ақпараттандыру *Адамдар сіздің жоба туралы қайдан біледі? Сіз жоба туралы ақпаратты қайда орналастырасыз? (мысалы, әлеуметтік желілерде, газетке, арналарда және т.б. Мүмкіндігінше атауларын көрсетіңіз.)* *

Сіздің жобаның бюджеті **1 000 000 теңгеден аспауы тиіс.**
Өрісте бос орынсыз және әріптерсіз , тек қана сандарды енгізу керек. Мысалы, 930000

Бұл сома егжей-тегжейлі бюджеттің жалпы сомасымен сәйкесуі тиісЭта сумма должна совпадать с общей суммой детального бюджета (см. след. слайд)

# Іс-шаралар жоспарын және жобаның бюджетін толтыру үшін жеке кабинеттегі «Нұсқаулықтар» бөлімінде нұсқаулықпен танысыңыз




Жобаны іске асыру жоспары – Сіздің топ жобаны іске асыру үшін істейтін әрекеттердің реттілігі.

Жоспар 6 ай ішінде топтың барлық жұмысын қамтуы тиіс. Әр жаңа әрекет/іс-шара жаңа тармақта толтырылуы тиіс. Тармақ «Тағы қосу» батырмасын басқан кезде қосылады.

Бюджет санын және бір бірлік үшін бағасын көрсетумен шығындардың баптарын (үй-жайды жалдау, қандай да бір жабдықты сатып алу, тартылған маманның қызметіне төлеу, пошта қызметтері және т.б.) қамтуы тиіс.

Жалпы сомасы автоматты түрде саналады.

**Нұсқаулықтағы шектеулерді мұқият оқып шығыңыз!!!**

# Сіздің қатысушылардың тобын қалыптастырыңыз




Сіздің топ қатысушыларының санын таңдаңыз – **3-тен 5 адамға дейін.**

Топтың көшбасшысын немесе қатысушысын таңдау үшін өріске тегінің бірінші әріптерін енгізіңіз.
Сайт Сіздің аймағыңыздағы/ қалаңыздағы ұқсас тектері бар барлық тіркелген адамдардың тізімін көрсетеді.

**Топтың барлық қатысушылары (көшбасшыны қоса алғанда) бір ауылдық округте тұруы тиіс екенін есіңізде сақтаңыз.**

**Топ көшбасшысы кәмелетке толған (18 жастан асқан) болуы керек екенін** есіңізде сақтаңыз.

Топтың әр қатысушысының жеке кабинетіне оны жобаны іске асыруда қатысуға шақырғаны туралы хабарлама келеді.

Сіз өтінімге қайта оралып, барлық ақпаратты тексере аласыз.
Өтінімді ұсынғаннан кейін ештеңе өзгеруге болмайды.
Егер Сіз барлығы дұрыс толтырғанына сенімді болсаңыз –
«өтінімді беру» батырмасын басыңыз.

## ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Егер Сіз барлық тармақтар дұрыс толтырылғанына сенімді болсаңыз және Сіз енді ештеңе өзгерткіңіз келмесе – «өтінім беру» сілтемесі бойынша өтіңіз

Егер Сіз өзгерістер енгізгіңіз және өз жобалық өтініміңізді қайта қарағыңыз келсе – «өтінімге қайтып оралу» сілтемесі бойынша өтіңіз.

ӨТІНІМГЕ ҚАЙТЫП ОРАЛУ

ӨТІНІМ БЕРУ

Егер Сізде жобалық өтінімді толтыруда қиындықтар туындаса, Сіз әрқашан Үйлестіру агенттігінің аймақтық кеңсесінен консультация сұрай аласыз.

Кеңсенің мекенжайы мен байланыстарын сайттан немесе 8 800 080 15 20 телефоны бойынша Call-орталықтан (ұялы және тұрақты телефондардан тегін) біле аласыз.

Сондай-ақ, жобаны әзірлеу бойынша тегін семинарға бара аласыз.
Семинарға қатысу үшін www.zhasproject.kz сайтында оған алдын алажазылу қажет. («Семинарға жазылу» батырмасы).

# Топ қатысушыларының өтінімді растауы




Сіз “Өтінімді беру” батырмасын басқаннан кейін, Сіздің топтың және қабылдаушы ұйымның (болған жағдайда) жеке кабинеттеріне жобаны іске асыруда қатысу ұсынысымен хабарлама келеді, онымен “Мұнда” сілтемесіне басып танысуға болады.




“Мұнда” сілтемесіне басқаннан кейін қатысушыны шақырған жобаның атауы шығады.

Өтінімді растауды жалғастыру үшін жобаның атауын басу қажет.

# Топ қатысушыларының өтінімді растауы




Жобаның атауын басып, қатысышы жобалық өтініммен толық таныса алады.

Егер қатысушы жобаға қатысуға келіссе, ол “Растау” батырмасын басуы тиіс..

Егер қатысушы жобаға қатысуға келіспесе, ол “Бас тарту” батырмасын басуы тиіс.

# Топ қатысушыларының өтінімді растауы




Барлық қатысушылар
Сіздің жобаға өз қатысуларын растағаннан кейін,
Сіздің жеке кабинетке олардың келісімі туралы хабарлама келеді.

# Жобалық өтінімді ұсынуды аяқтау




Жобалық өтінімді ұсынуды аяқтау үшін, Сізге “Жоба туралы ақпарат” бөліміне кіріп, “Растау” батырмасын басу қажет.

Тек қана содан кейін, Сіздің жобалық өтінім ұсынылады және тіркеледі.

# Жобалық өтінімді тіркеу




Сіз жобалық өтінімді растағаннан кейін,
Сізге жеке кабинетке және смс-хабарламамен Сіздің жобалық өтінімнің тіркеу нөмірі келеді.

Сізге техникалық іріктеудің нәтижелерін күту қажет, олар жеке кабинетке және Сіздің ұялы телефоныңыздың нөміріне смс-хабарламамен келеді.

Әрқашан байланыстаболыңыз!

# СМС-хабарлама




Ұялы телефонның көрсетілген нөміріне жеке кабинеттің құпиясөзімен смс-хабарлама келеді.
Бұл құпиясөзді сақтаңыз!
Ол жеке кабинетке мұнан былай кіру үшін қажет.




Өз сауалнамаңызды толтырып, растағаннан кейін, Сізге осы мәтінмен смс-хабарлама келеді.




Сізді немесе Сіздің топтың қатысушысын жобаға қатысуға шақырған кезде, осы мәтінмен смс-хабарлама келеді.




Егер Сіз жобалық өтінім толтырсаңыз және қатысушыларды жобаға шақырсаңыз, онда Сізге қатысушалар жобаға қатысуға өз келісімдерін растағаннан кейін смс-хабарлама келеді.




Сіз жобалық өтінім ұсынуды аяқтағаннан кейін , Сізге жобаңыздың тіркеу нөмірімен смс-хабарлама келеді.